

2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың :
290 , 291 , 292 , 293 , 294 , 295 , 296 , 297 , 298 , 299 , 300 , 301 , 302 , 303 , 304 , 305 , 306 , 307 , 308 , 309 , 310 , 311 , 312 , 313 , 314-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
290-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Энергетика және минералдық ресурстар саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"

деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 884902 мың теңге (сегіз жүз сексен төрт миллион тоғыз жүз екі мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 наурыздағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әскери доктринасының 4-бөлімінің 4.2-т.; "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 93 Заңы ; "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан

Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңы ; "Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 4, 8-баптары ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 8-бабы ; "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1105 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1106 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1107 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитетінің мәселелері" 2004 жылғы 28 қазандағы N 1108 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Жұмылдыру жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 684-16 қаулысының 58-т.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Энергетика саласында, атом, минералдық ресурстар, мұнай-газ және атом өнеркәсібін қоса алғанда, мемлекеттік саясатты қалыптастыру және басқару процесін үйлестіру; жұмылдыру, әскери жағдай және әскери уақыт кезеңінде Қарулы Күштерді, басқа әскерлер мен әскери құрамаларды, Қазақстан Республикасының халқын электр энергиясымен қамтамасыз ету тәртібін а н ы қ т а у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Энергетика және минералдық ресурстар саласында мемлекеттік реттеу мен басқарудың үйлестіру процесін жетілдіруді қамтамасыз ету, атом, мұнай-химия және атом өнеркәсібін қоса алғанда мемлекеттік саясатты іске асыру; өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, іскерлікті және кәсіби дағдыны шыңдауды жүзеге асыру; әскери уақытқа арналған нормативтік құқықтық актіні әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөнінде іс-шаралар жоспары:

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағ-	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі

дар-
лама
коды

Жауапты

						орындау-шылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Энергетика және минералдық ресурстар саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	<p>Отын-энергетикалық кешенді, м ұ н а й - х и - мия өндірісін, энергетикалық қауіпсіздік пен тәуелсіздікті, радиациялық қауіпсіздікті, минералдық-шикізаттық базаны және минералдық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету үшін энергетика және минералдық р е с у р с - тар саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске а с ы р у үшін орталық орган аппараттын ж ұ м ы с істеуін қамтамасыз е т у ;</p> <p>лицензиялық шарттар мен ережелердің сақталуын бақылау, лицензиялар беруді қамтамасыз ету; энергетика және минералдық ресурс-тар саласында қызмет түрлері бойынша біліктілік талаптарын бекітуге инспекция жүргізу; Лицензиарлардың функциясын о р ы н д а у :</p> <p>- лицензияланатын қызмет түрлерімен айналысуға үміттенуші субъектілерге инспекция жү р г і з у ;</p> <p>- лицензиялық шарттар мен ережелерді лицензия алушылардың орындалуына тексеріс (инспекция) жүргізу;</p> <p>- лицензиялық бланкілерді қосымшаларымен сатып алу.</p> <p>Қазақстан Республи-</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

касында, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге құқықты қоса, пайдалы қаз-

баларды барлауға, өндіруге, біріскен барлау мен өндіруге, оның ішінде мемлекет меншігін-

дегі техногендік түзілістерді жер қойнауын пайдалану құқығын беру;

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіл-

ген конкурсқа шығаруға жататын жер қойнауы учаскеле-

рінің тізбесі жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы конкурсты жариялау;

- геологиялық ақпаратты сатып алу және конкурстық ұсыныстарды беру туралы конкурсқа қатысушылардың а-

бардар ету;

- конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру, конкурс нәтижелерін шығару және оларды жариялау.

Жер қойнауына мемлекеттік мониторинг жүргізу.

Пайдалы қазбалар қорларына, пайдала-

нуға берілетін жер қойнауы учаскеле-

рі туралы геологиялық және экономикалық ақпаратқа, жер қойнауын мемле-

кеттік геологиялық зерделеу жөнінде жұмыс жүргізуге жобалау-сметалық құжаттамаға және мониторингке мемлекеттік сараптама ұйымдастыру және жүргізу, пайдалы қазбалар

				<p>корын бекіту. Көлік шығыстары. Техникалық сүйемелдеу, ұйымдастыру техникасы құралдарына және басқа негізгі құралдарға қызмет көрсету және жөндеу. Жұмылдыру, әскери жағдай және әскери уақыт кезеңінде электр энергиясын пайдалану туралы нұсқаулықты әзірлеу.</p>		
3		002	Аумақтық органдардың аппараттары	<p>Жер қойнауын пайдалану мониторингін жүзеге асыру. Геология және жер қойнауын пайдаланудың аумақтық басқармаларының, оның геологиялық қорларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Өз құзыретінің шегінде мемлекеттік және салалық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу. Ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды және олардың орындалуын бақылауды қоса алғанда мемлекеттік қажеттілікке арналған геологиялық зерттеу жүргізуге арналған тапсырыс берушінің мемлекеттік функцияларын жүзеге асыру. Ғимараттарды, көлік құралдарын ұстап тұру және қызмет көрсетуі, "Востоказнедра" ТУ мен "Южказнедра" ТУ-да күзет дабылдамасын орнату. Ғимараттар мен автокөлікті жалға беру. Техникалық сүйемелдеу, қызмет көрсету және ұйымдық техникалар мен өзге де негізгі құралдарды жөндеу.</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
4		007	Мемлекеттік қызметшілердің білікті-	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөнін-	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және

			лігін арттыру	дегі қызметтер көрсетуді мына бағыттар бойынша сатып алу : - геология және жер қойнауын пайдалану ; - мұнай-газ саласы ; - электр энергетикасы ; - тиісті салалар бойынша халықаралық стандарттарды үйрету. Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту.		минералдық ресурстар министрлігі
5	009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	Министрліктің, ведомстволар мен аумақтық органдардың қызметін материалдық-техникалық жарактандыру	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі	
6	017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Ақпарат жүйелерін техникалық, технологиялық және бағдарламалық қамтамасыз ету және алып жүру : Министрліктің, ведомстволар мен аумақтық басқармалардың WEB-сайтын ; - "1-С: 7.7 кәсіпорны" ; - "Қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру және нақтылау" ИИС-і. Ақпараттық жүйелерді пысықтау, алып жүру және пайдалану : - "Энергетика және минералдық ресурстар саласында лицензиар шеңберінде лицензияланатын қызмет түрлерін лицензиялау". Шығыс материалдарды жинақтаманы және қосалқы бөлшектер-	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар	

			<p>ді сатып алу. Есептеу техникалары мен жабдыктарды жүйелік-техникалық қызмет көрсетуі және жөндеу. Жергілікті желілерді монтаждау. Министрлік, ведомство және аумақтық басқармалар үшін есептеу, желілік, телекоммуникациялық және электр жабдыктары мен бағдарламалық өнімдерді сатып алу, орнату, монтаждау. Телекоммуникациялық қызметтерді төлеу.</p>	<p>министр-лігі</p>
--	--	--	---	---------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін

нәтижелер : **Тура нәтиже** :

Энергетика саласында, атом, минералдық ресурстар, мұнай-газ, мұнай-химия және атом өнеркәсіптерін қоса алғанда, энергия үнемдеу, жер қойнауын пайдалану саласында жаңартылатын және дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және мемлекеттік реттеу; жұмылдыру және әскери уақыт кезеңінде электр энергиясын пайдалану тәртібін анықтайтын нормативтік-құқықтық акті.

- кәсіби деңгейін көтеру - 27 адам;
- мемлекеттік тілде оқыту - 92 адам;
- ағылшын тілінде оқыту - 24 адам.

Түпкі нәтиже :

Энергетика саласында, атом, минералдық ресурстар, мұнай-газ, мұнай-химия және атом өнеркәсібін қоса алғанда, энергия үнемдеу саласында тұрақты дамуды қамтамасыз ету, қайта жаңартылатын және дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану; жұмылдыру және әскери уақыт кезеңінде электр энергиясын пайдалану тәртібін анықтайтын нормативтік құқықтық актіні аумақтық және жергілікті атқару органдарына олардың есебінен жеткізу.

Қаржылық-экономикалық тиімділік:

бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға арналған орташа шығын - 64185 теңге ;

бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді оқытуға арналған орташа шығын - 27967 теңге ;

бір мемлекеттік қызметшіге ағылшын тілін оқытуға арналған орташа шығын - 35000

т е ң ғ е .

Уақтылығы: кестемен бекітілген мерзімдерге сәйкес жоспарланған іс-шараларды орындау .

Сапасы: Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелген функцияларды орындау; мемлекеттік тілді үйрету курсынан өткеннен кейін мемлекеттік тіл бойынша іс жүргізуге көшкен мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 9%; ағылшын тілін үйрету курсынан өткеннен кейін ағылшын тілінде құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 3%; біліктілікті арттыру курстарынан өткеннен кейін жоғары лауазымға тағайындалатын мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 1%; лицензиялау туралы қолданыстағы заңнаманы сақтау және лицензия алушылардың жолсыздықтарын азайту; лицензияланатын қызмет түрлерін алуға үміткер субъектілерге оперативті инспекция жүргізу; Қазақстан Республикасында жұмылдыру дайындығы және жұмылдыруды нормативтік құқықтық базасының нарықтық жағдайларын жетілдіру және оған бейімделу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
291-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Пайдалану құқығы мұнай-газ жобалары жөніндегі мердігерлерге берілуі тиіс мемлекеттік мүлікті есепке алуды жүргізуді қамтамасыз ету" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 18192 мың теңге (он сегіз миллион бір жүз тоқсан екі мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" 2000 жылғы 28 шілдедегі N 422 Жарлығы ; "Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны бойынша Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қарашадағы N 1568 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Капиталмұнайгаз" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 240 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : уәкілетті органды олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды уақтылы қабылдау мақсатында мұнайгаз

жобалары шеңберінде пайдаланылатын мемлекеттік активтердің болуы және жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету; мұнай-газ жобалары шеңберінде пайдаланылатын мемлекеттік активтердің есебін жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : пайдалану құқығы мұнай-газ жобалары бойынша мердігерлерге берілуге жататын мемлекеттік мүліктің бухгалтерлік есебін қамтамасыз ету және мұнай-газ операциялары бойынша шығындар өтелгеннен кейін мемлекетке мердігер беретін мүліктің есебін қабылдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Пайдалану құқығы мұнай-газ жобалары жөніндегі мердігерлерге берілуі тиіс мемлекеттік мүлікті есепке алуды жүргізуді қамтамасыз ету			
2		100	Капитал-мұнайгаз	1. Мемлекеттік мекемені бекітілген штат саны - 16 бірлік шегінде ұстау. 2. Мұнай-газ жобалары бойынша мердігерлерге пайдалану құқығы берілуге жататын мемлекеттік активтердің есебін жүргізу.	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін

нәтижелер :

Тура нәтиже: мұнай-газ жобалары бойынша мердігерлерге берілуге жататын мемлекеттік активтердің есебін жүргізу; құны 65 млрд. теңге мемлекеттік активтердің тізілімін жүргізу.

Пайдаланудан алынған материалдық ресурстарды әлеуметтік сипаттағы мұқтаждығы үшін Батыс Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру.

Түпкілікті нәтиже: мұнай-газ жобаларында мердігерлер пайдаланылатын мемлекеттік

тиісті мүліктің тиісті есебін жүргізу.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: бір қызметкерді ұстауға арналған шығын - 1100 мың теңге; Қазақстан Республикасы үшін экономикалық тиімділікке өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің шарттарына және концессияның шартына сәйкес активтерді беру жөніндегі міндеттерді орындау жолымен қол жеткізіледі.

Уақтылығы: қаржыландыру жоспарына сәйкес.

Сапасы: "Қарашығанақ кен орнының өнімін бөлу туралы түпкілікті шешім бойынша мердігердің пайдалануында тұрған және Қазақстан Республикасының газ-көлік жүйесі мен шаруашылық қызметінің ішкі және халықаралық концессиясының шарты бойынша концессионерге берілген мемлекеттік мүліктің бухгалтерлік есебін жүргізу" нұсқаулығына сәйкес есепке алуды жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

292-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Жер қойнауын пайдалану геологиясы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 99881 мың теңге (тоқсан тоғыз миллион сегіз жүз сексен бір мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 18-бабы ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы ; "Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы № 1449 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : қолданыстағы тау-кен және мұнай өңдеу кәсіпорындары үшін пайдалы қазбалардың қосымша қорларын анықтауға жіберген геологиялық зерттеулердің тиімді жүйесін құру және жетілдіру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : көмірсутегі шикізаттарының, ірі мыс кен орындарының, қорғасын, мырыш, алтын, сирек кездесетін металдарын орналасуының өңірлік және локалды заңдылықтарын анықтау; геология барлау жұмыстарын жүргізу үшін техниканың жаңа үлгілерін әзірлеу; геология барлау жұмыстарын жүргізу кезінде жаңа ғылыми концепциялар мен тәсілдемелерді әзірлеу.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Жер қойнауын пайдалану геологиясы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	Жер қойнауын пайдалану геологиясы саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді келесі бағыт бойынша жүргізу: 1. Минералдық-шикізат базасының даму болжамы және жағдайына баға беру және оны ақпаратпен қамтамасыз ету. 2. Қазақстан аумағында геологиялық даму концепциясын игеру. 3. Геологиялық-барлау жұмыстарының жаңа технологиясын игеру. 4. Геологиялық саланы ақпаратпен қамтамасыз ету, мемлекеттік геологиялық зерделеуді өткізу әдісін бойынша ғылыми игерулер. 5. Геологиялық барлау жұмыстарын өткізу технологиясының жаңа тәжірибелі-конструкторларын және олардың техникамен қамтамасыз етуін игеру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін

нәтижелер : Тікелей нәтиже: әртүрлі деңгейде локализациялы металлогенді жобалау бойынша мамандандырылған петрометаллогенді карталар; екі хронодеңгейлі кембрий жүйесі және геологиялық карта құрастыру табаны негізінде - стратиграфиялық тиянақ кесімі Атласы; геологиялық ұңғыма маңы кеңістігі және ұңғыманың техникалық жағдайына баға беру үшін ұңғыма іші бейне суреттерді шрифттау әдісі; бүйірлік оқпаның бағдарлау әдістемесі; 1:1000000 масштабы ҚР космогеологиялық картасы; " Жерді қашықтықтан космостық интерпретациялау негізінде ҚР аумағының геодинамикалық атласын және Каспий маңы геодинамикасының" Атласы; Батыс Қазақстан бойынша геологиялық коллекцияның электронды түрі. Түпкі нәтиже: петрометаллогенді картаның негізінде жаңа қатты пайдалы қазбалар кен орындарын ашу; геологиялық карта жасау үшін стратиграфиялық негіз; ұңғыма маңындағы кеңістікке геология туралы ұңғымалардың техникалық жағдайына баға және ақпарат; ҚР территориясында және Каспий аймағында геодинамикалық үлгі; пайдалы қазбалар кен орындарын шығару үшін космогеологиялық негіз; пайдалы

қазбалар кен орындарын ашу үшін геологиялық карта жасау тапсырмасын шешу үшін геологиялық коллекцияның электрондық түрі.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: жер қойнауын пайдаланудағы геология саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге жалпы құны мынаны құрайды:

- "Минералды-шикізаттық базасының болжамының дамуы және оны ақпаратпен қамтамасыз ету жағдайына баға" бағыты бойынша (5 есепнама-ұсыныс, аяқталатын жұмыс) - 7550 мың теңге;

- "Қазақстан территориясында геологиялық даму концепциясын меңгеру" бағыты бойынша (2 есепнама-ұсыныс, аяқталатын жұмыс) - 44838 мың теңге.

- "Геологиялық-барлау жұмыстарының жаңа технологиясын меңгеру" бағыты бойынша (2 есепнама-ұсыныс, аяқталатын жұмыс) - 11000 мың теңге.

- "Геологиялық салаларды ақпаратпен қамтамасыз ету, мемлекеттік геологиялық зерделеуді өткізу әдісі бойынша ғылыми игерулер" бағыты бойынша (4 жаңа меңгеру) - 28707 мың теңге.

- "Геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуде тәжірибелі-конструкторлық жаңа технологияны жетілдіру" бағыты бойынша (1 жаңа жетілдіру) - 7786 мың теңге.

Уақтылығы: ғылыми-техникалық жетілдірулерді жүргізу бекітілген уақыты және жалпы сәйкестігі.

Сапасы: минералды шикізат, көмірсутекті және жер асты суларының маңызды түрлерінің қиын ашылатын кен орындарын ашу үшін ғылыми негіз салу; пайдалы қазбалар кен орындарын ашу кезінде геологиялық барлау жұмыстарының шығынын және мерзімін қысқарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

293-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Отын-энергетика кешені, мұнай-химия және минералдық ресурстар саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 898900 мың теңге (сегіз жүз тоқсан сегіз миллион тоғыз жүз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында атом энергетикасын

дамытудың 2004-2008 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы (екінші кезең)" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 822 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : атом энергетикасын дамытуға және қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған ғылымды қажетсінетін ядролық технологияларды әзірлеу; шикізаттық бағыттан алшақтауға ықпал ететін экономиканың салаларын әртараптандыру жолымен елдің орнықты дамуына қол жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін шарттар әзірлеу, КТМ қондырғысында тәжірибелік зерттеулерді ғылыми және техникалық тұрғыдан қолдау және оның пайдалануын қамтамасыз ету; ауыр иондарды пайдаланумен физика, химия, биология саласында кешенді ғылыми зерттеулерді дамытуға бағытталған ғылымды қажетсінетін технологияларды, әдістер мен жүйелерді әзірлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : жетекші атомдық державалардың тәжірибесі есебінен озық технологиялар негізінде Қазақстанда атом саласын ғылыми-техникалық қолдау, радиоэкологиялық зерттеулердің аппаратуралық және әдістемелік базаларын дамыту, қазіргі халықаралық талаптар деңгейінде радиоактивті қалдықтармен және ядролық отынмен игерілген тиімді айналыс жүйесін құру, радиофармпрепараттары өндірісінің ұлттық саласын құру; плазманың КТМ бірінші қабырға мен дивертор материалдарына әсер етуінің материалтану зерттеулері; плазма материалдарының жоғарғы бетімен өзара іс-қимыл процестерін, КТМ-де қабырғалық плазма мен тозаңдық бөлшектердің түзілуін зерттеу; динамикалық процестерді зерделеу және КТМ плазмасының диагностикасы; КТМ плазмасын басқарудың қазіргі компьютерлік технологиясы мен ақпараттық жүйесі; КТМ-де қызмет көрсету қызметкерлерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету; жете зерттелмеген шағын және орташа кенді және кенсіз объектілердің өлшемдерін (қоры, құрамы, құрылымы) бағалау әдістерін әзірлеу; қатты пайдалы қазбалардың шағын және орташа кен орындарын игеру кезінде, кенді және кенсіз объектілер туралы толық ақпарат болмаған жағдайда, тау-кен жұмыстарын жобалаудың жылдам әдістерін әзірлеу, жете зерттелмеген жер қойнауын пайдаланудың шағын және орташа кен игеру объектілерін экономикалық бағалау және инфрақұрылымдық факторларын ескере отырып, әдістерін әзірлеу және оларды игеру тәуекелдерін бағдарламалық қамтамасыз е т у .

Жана өнімдер әзірлеу үшін жарғақтық нанотехнологиялар негізінде ДЦ-60 ауыр иондар пайдаланумен ғылыми зерттеулер жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Отын энергетика кешені, мұнай-химия және минералдық ресурстар саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	1. "Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту" ғылыми-техникалық бағдарламаларын іске асыру. 2. Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын жасау мен пайдалануды ғылыми-техникалық қолдау. 3. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының орташа, шағын кен орындарын игеру және тендер алдындағы дайындық кезіндегі геотехнологиясын дамыту. 4. ДЦ-60 ауыр иондарды жеделдеткіш базасында физика, химия, биология және озық технологиялар саласында кешенді ғылыми зерттеулерді дамыту. 5. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің бұйрығымен бекітілген, сақтылып алынатын жабдықтар тізбесіне сәйкес қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарға күрделі трансферттерді аудару.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін

нәтижелер : **Тікелей** **нәтиже** :

1. "Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту" бағдарламасы бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу:

ядролық жарылыстар өткізілген және ядролық қондырғылар орнатылған жерлердегі радиациялық жағдайды сипаттайтын сан көрсеткіштері алынады; қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторинг жүйесін мониторингтің мемлекеттік бірыңғай жүйесі шегінде ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпті объектілері мен аумақтарының әсерінен болатын қауіпті төмендету бойынша іс-шаралар әзірлеу және жүзеге асыру; Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы энергетика дамуының экономикалық үлгісі

әзірленеді; атом станцияларын орналастыру болжанып отырған орындардың жай-күйін геофизикалық бағалау, Қазақстан Республикасының атом энергетикасы объектілерінің ядролық және радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық әдістер әзірлеу ; ядролық және термоядролық энергетиканың қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыру бойынша әдістер мен технологиялар; жаңа радиофармпрепараттар, радиоизотоптар мен иондық сәулелендірудің жабық көздерінің бірқатарын өндіру технологиялары әзірленіп игеріледі, сумен қабынатын полимерлер алудың радиациялық технологияларын әзірлеу ; ядролық сынаулардың геофизикалық мониторингі жүйесін дамыту; жерасты ядролық жарылыстар өткізу, РАҚ-ты оқшаулау, ядролық қондырғылар құрылысы мен пайдалану орындарындағы жер қойнауының жай-күйін зерделеу және бағалау; Қазақстанның атом саласына арналған кадрларды даярлаудың білім беру технологияларын дамыту бойынша жұмыстар жалғастырылды.

2. Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын жасауға және пайдалануға ғылыми-техникалық қолдау жөнінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу: жылу жүктемесі және эрозия әсері сипатындағы жағдайларда КТМ-ның бірінші қабырғасы мен диверторын қорғау материалдарының үстінгі қабаттарының микроқұрылымы мен химиялық құрамының өзгеру ерекшеліктері анықталды; плазманың жабу материалдарымен әрекеттесу процестерін, қоспа диффузиясын, жабу материалдарының ақаулық құрылымының эволюциясы мен қасиеттерінің өзгеруін моделдеу үшін компьютерлік бағдарламалар кешені жасалады, КТМ диагностикалық жүйелерін, жабдықтары мен материалдарын имитациялық сынауларға арналған стендтың жекелеген бөлшектерін құрастыру бойынша жұмыстар жүргізілді; диагностикалар даярланды және имитациялық стендтың жабдықтарын реттеу бойынша жеке диагностикалық жүйелерді және плазманың конструкциялық материалдарымен әрекеттесуін зерттеу кезінде өлшеу әдістемесін әзірлеу жұмыстарының бағдарламасы ә з і р л е н д і ;

КТМ тоқамақтың физикалық диагностикалар калибровкасының әдістемесі жасалды, КТМ тоқамақтың тәжірибелік калибровкасы мен диагностикасын қалыптастыру м ә л і м е т т е р і а л ы н д ы ;

КТМ тоқамақ диагностикасының калибровкасын ескере отырып тәжірибелік мәліметтер бойынша физикалық процестерді талдау үшін клиент-серверлік БҚ жүйесі жасалды; плазманың физикалық диагностикасының микротолқындық және рентгендік жүйелерінің тәжірибелік мәліметтері алынады. Плазма диагностикасының жаңа жүйелерін жасау үшін әдістемелік және аспаптық базасы құрылды; жүйенің жұмысқа дайындығы және молекулалық шоғырдың нақты газодинамикалық сипаттамалары туралы тәжірибелік мәліметтер алынды.

КТМ-ның жұмыс шарттарына жақын жағдайдағы сутегі изотоптарының графитпен әрекеттесуінің тәжірибелік зерттеу деректері жүргізілді; КТМ-ның WEB-сайтында ақпаратты іздеу мен алмасудың автоматтандырылған жүйесі жасалды және енгізілді;

КТМ тоқамақтың жеке диагностикалық жүйелерінің жұмысқа дайындығы туралы мәліметтер алынатын болады;

бірегей қондырғыда ғылыми эксперименттердің әдістемелерін әзірлеу және олардың негізінде персонал тренингін ұйымдастыру бойынша жұмыстар жалғастырылды; эксперименттік стендтерде және Т-10 тоқамақта тозақ түзілу процестерін зерттеу және қабырғалық тозақ плазманың қасиеттерін зерттеу бойынша жұмыстар жалғастырылды;

Т-10 тоқамақта нақты физикалық эксперимент нәтижелері алынды және оларды талдау; әлемде қабылданған өңдеу стандарттарын зерделеу және Т-10 секілді бірегей қондырғыларда деректерді ұсыну.

3. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалардың орта, шағын кен орындарын игеру және тендер алдындағы дайындық кезінде геотехнологияларды дамыту жөнінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу:

геологиялық деректер кеңістігінде орналасқан әртекті, ретсіз негізде үшөлшемді модельдерді құрудың схемасы қалыптасты;

кендердің технологиялық қасиеттерінің деректер банкісін құру басталды; геологиялық құрылымдардың табиғи және кеңістіктік орналасуын нақтылау үшін батқыш кіші телекамераларды қолданумен ұңғыма ішін телебақылауды пайдаланудың мүмкіндігі негізделді;

көпбағаналы ұңғымалардың бүйірлік бағытталған бағандарының кеңістіктік қалпын бақылайтын ұңғыма ішіндегі навигациялық жүйелердің құрамдас жүйелері ұсынылды; жете зерттелмеген шағын және орташа кенорындарын бағалауда қолданылатын кен-геологиялық объектінің тиімділік көрсеткіштері белгілі жер игеру объектілерін кезендер мен игеру сатылары бойынша геологиялық, кен-техникалық, технологиялық, экономикалық зерттелудің құрылымдық-функционалдық жүйесі әзірленеді; ұңғымалы әдіспен пайдалы құрылымдарын алу көлемін арттыру үшін ұңғыма жанының аймағындағы кенді және кенсіз қабаттарын геоқопсытудың тиімді әдістері ұсынылды; нарықтық жағдайда жете зерттелмеген шағын және орташа кенорындарының бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістемелері әзірленді.

4. ДЦ-60 ауыр иондарды жеделдеткіш базасында физика, химия, биология және озық технологиялар саласында кешенді ғылыми зерттеулерді дамыту жөнінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу:

жоспарланған жұмыстарды жүргізу үшін ДЦ-60 жеделдеткішінде ауыр иондар шоғын үдету, тасымалдау және қалыптастыру режимдері; берілген сәулелендіру жағдайындағы төмен және жоғары энергиялы ауыр иондарды енгізу бойынша жетілдірілген эксперименттік қондырғылар; төмен және жоғары энергиялы ауыр иондармен құралымдық материалдарды сәулелендірудегі ақаулық құрылым мен екінші реттік процестерді зерттеудің алғы нәтижелері;

эртүрлі энергиялы ауыр иондармен сәулелендірудегі асқын өткізгіштік наноматериалдардың радиациялық қалыптасуы мен материалдардағы иондық енгізу бойынша ғылыми және технологиялық жұмыстардың нәтижелері; корреляциялық эксперименттерді жүргізуге арналған қондырғы мен алынған нәтижелерді өңдеуге және есеп жүргізуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету т о п т а м а с ы ;

кулондық тосқауыл жанындағы өзара әрекеттесу энергияларында ядролық материяны зерттеу үшін эксперименттік және теориялық зерттеулер өткізу; сәулелендірілген полиэтилентерефталатты үлпекті технологиялық өңдеуді игеру үлпектің желінуінің жасалып біткен технологиясы және алынған ізді жарғақты тестілеу ;

ізді жарғақты пайдалану арқылы ақаба суларды жасанды радинуклидтерден тазарту кешенді технологиясын негіздеу үшін теориялық және эксперименттік зерттеулердің д е р е к т е р і ;

ізді жарғақты қолдану бойынша мамандандырылушы студенттерге арналған о қ у - ә д і с т е м е л і к қ ұ р а л д а р ;

ДЦ-60 үдеткіш базасында үдеткіш кешенді пайдалану бойынша, ядролық физика бойынша, материалтану бойынша, радиациялық технология бойынша, ядролық ізді жарғақтарды алу және қолдану технологиясы бойынша және басқа да ғылымды қажетсінетін технологиялар бойынша нормативті-әдістемелік құжаттама.

Т ү п к і н ә т и ж е :

- атом энергетикасы саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша: өнеркәсіптік өндірісті одан әрі өсіруге бағытталған жұмыстардың ірі кешенін ғылыми-техникалық және технологиялық қолдау, импортты алмастыратын және сараптық бағдарланған өнімдерді шығаруды ұйымдастыру, жаңа ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өндірістерді құру және тұтас экономиканы и н н о в а ц и я л ы қ қ а й т а қ ұ р у ;

- Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын жасау мен пайдалануды ғылыми-техникалық қолдау қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша: плазма диагностикасына арналған тәжірибелік стендтер пайдалануға енгізілді; КТМ-нің камерашілік элементтері мен қабылдау-диверторлық пластиналарының кандидат материалдарының физикалық қасиеттері зерделенді; материалдар үлгілерін КТМ қондырғысына экспонаттауға дейінгі және кейінгі зерттеудің жаңа әдістері әзірленді; КТМ бірегей қондырғысында ғылыми эксперименттердің әдістемелері ә з і р л е н д і ;

- Қазақстан Республикасы пайдалы қазбаларының орташа және шағын кен орындарын игерудің және тендер алдындағы дайындық кезінде геотехнологияларды дамыту жөнінде: жер қойнауын ықтимал пайдаланушылар ары қарай игеру үшін жете зерттелмеген кенді игеру объектілерін бағалаудың шынайылығын растауға және тендер

алдындағы дайындық кезеңінде игеруге көзделген жете зерттелмеген кенді игеру объектілерінің бағасын жоғарылатуға мүмкіндік беретін әдістемелер мен бағдарламалық қамтамасыз ету әзірленетін болады;
- ДЦ-60 ауыр иондарды жеделдеткіш базасында физика, химия, биология және озық технологиялар саласында кешенді ғылыми зерттеулерді дамыту бойынша: ғылымды қажетсінетін озық технологияларды дамыту, Қазақстанның жаңа астанасында жаратылыстану ғылымы саласында ғылыми ортаны қалыптастыру.
Қаржы-экономикалық нәтиже: бағыттар бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулердің құны (ғылыми-техникалық сараптауды қоса алғанда):
атом энергетикасын дамытуға - 652744 мың теңге; Тоқамақ қазақстандық термоядролық материалтану реакторын жасау және пайдалануды ғылыми-техникалық қолдауға - 79602 мың теңге; Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларын орташа, шағын кен орындарын игеруді және тендер алдындағы дайындық кезінде геотехнологияларды дамытуға - 34593 мың теңге; ДЦ-60 ауыр иондарды жеделдеткіш базасында физика, химия, биология және озық технологиялар саласында кешенді ғылыми зерттеулерді дамытуға - 107 000 мың теңге; ғылыми жабдықтарды сатып алу үшін ғылыми ұйымдарға 24961 мың теңге сомасында күрделі трансферттер аударылды, оның ішінде мына бағыттар бойынша: атом энергетикасын дамытуға - 13007 мың теңге; Тоқамақ қазақстандық термоядролық материалтану реакторын жасауды және пайдалануды ғылыми-техникалық қолдауға - 5487 мың теңге; Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының орташа және шағын кен орындарын игеру кезінде және тендер алдындағы геотехнологияларды дамытуға - 6467 мың теңге.

Уақыттылығы: жыл бойы жасалатын шарттарға сәйкес.

Сапасы: ядролық және термоядролық энергетика мен өнеркәсіптің қауіпсіздігі мен тиімділігі деңгейін арттыру; кенді және кенсіз объектілерді бағалаудың әдістемелерін жетілдіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

294-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008

жылға

арналған

"Қазақстандық Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын құру"

деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 758090 мың теңге (жеті жүз елу сегіз миллион тоқсан мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі :

"2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының квотасы бойынша Халықаралық термоядролық реактор жобасына енгізу туралы ИТЭР 1994 жылғы 28 шілдедегі 6-сессиясы шешімдерінің шеңберіндегі қызметті дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 22 шілдедегі N 143-Ө өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : реакторлық материалтану үшін Қазақстан Республикасында бірінші Тоқамақ термоядролық қондырғыны (КТМ) құру, Қазақстан Республикасында ғылымды қажетсінетін және ядролық технологияларды дамыту, Республикада ғылыми әлеуетті дамыту, термоядролық реакторлардың конструкциялық материалдарын зерттеулерді жүргізу, зерттеу материалдарының жаңа кешенді әдістерін п ы с ы қ т а у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : зерттеу жүргізу, конструкциялық материалдарды сынау әдістерін пысықтау үшін физикалық диагностикалар әдістемелері мен жүйелерін әзірлеу және игеруге арналған жағдайларды қамтамасыз ету; өлшемдердің әдістемелік базасын құру; басқарылатын термоядролық синтез саласында зерттеулерді жүргізу үшін халықаралық зертхананы құрудың ұйымдық і с - ш а р а л а р ы н жү р г і з у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	005		Қазақстанның Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын құру	Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық сметалық құжаттамалық тәртіпке сәйкес Тоқамақ Қазақстан термоядролық материалтану реакторын құру жөніндегі іс-шараларды орындау: 1. КТМ қондырғысын штаттық жұмыс о р н ы н д а монтаждау. КТМ қондырғысына технологиялық жүйелерді қосуды бастау. КТМ қондырғысының автономдық сынаулары. 2. КТМ кешенінің қосалқы	Ақпан - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

технологиялық жүйелері мен бақылау жүйелерінің жабдықтауын дайындауды, жиынтықтау мен жеткізуді аяқтау.

3. Плазманы жоғары жиілікте қыздыру жүйесінің жабдықтарын дайындауды және жиынтықтауды жалғастыру.

4. КТМ қондырғысының физикалық диагностикаларын дайындауды, жиынтықтылауды және жеткізуді жалғастыру.

Жабдықтарды автономиялық тексерулер.

5. Жабдықтарды дайындауды, жиынтықтылау және жеткізуді жалғастыру, плазманың вакуумдық сорып шығару, газ жіберу және сөндіру жүйесін монтаждау.

6. Жабдықтарды дайындауды, жиынтықтылауды және жеткізуді, және технологиялық салқындату жүйесін монтаждауды жалғастыру.

7. Жабдықтарды дайындауды, жиынтықтылау мен жеткізуді және тәжірибелерді автоматтандыру жүйесін монтаждауды жалғастыру.

Автономдық іске қосу-реттеу жұмыстарын бастау.

8. Импульсті электрмен жабдықтау жүйесінің жабдықтарын жиынтықтылау мен жеткізуді жалғастыру. Штаттағы жұмыс орындарында жабдықтарды монтаждауды жалғастыру. Автономдық іске қосу-реттеу жұмыстарын бастау.

9. Сыртқы электрмен жабдықтау жүйесіндегі іске қосу-реттеу жұмыстарын бастау. Жүйені пайдалануға қабылдауға даярлау.

10. КТМ кешенінің алаңын

			<p>абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жалғастыру.</p> <p>11. КТМ кешенін пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін кадрлар даярлау және ғылыми зерттеулер жүргізу.</p> <p>12. КТМ кешенін күзету. Физикалық қорғау, электрмен жабдықтау, жылыту жүйелерін және инженерлік жүйелердің пайдаланылуын қамтамасыз ету. Отын сатып алу.</p>	
--	--	--	--	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін

нәтижелер

:

Тура

нәтиже:

Штаттағы жұмыс орнында КТМ қондырғысының монтажи орындалды; КТМ кешенінің қосалқы технологиялық жүйелері мен бақылау жүйелерінің жабдығы дайындалды және жеткізілді; вакуумды сорғызып алу, газ жіберу және плазманы сөндіру жүйелерінің жабдығы дайындалды және жеткізілді; технологиялық суыту жүйесінің жабдығы дайындалды және монтажи орындалды; тәжірибелерді автоматтандыру жүйесінің негізгі бөлігі дайындалды, автономдық іске қосу-реттеу жұмыстары жүргізілді; плазманы жоғары жиілікте қыздыру, физикалық диагностикалар, импульстік электрмен жабдықтау жүйелері жабдықтарының негізгі бөлігі дайындалды; сыртқы электрмен жабдықтау жүйесі пайдалануға дайындалды; КТМ кешенін абаттандыру бойынша жұмыстар орындалды; Жылу беру маусымына отын сатып алынды, инженерлік жүйелерді пайдалану және КТМ кешенін күзету қамтамасыз етілді; КТМ кешенінің персоналын дайындау бойынша жұмыстар орындалды. Түпкілікті нәтиже: қазақстандық Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын (КТМ) 2009 жылы пайдалануға іске қосу. Қаржы-экономикалық тиімділік: Қазақстан Республикасы үшін экономикалық тиімділік жаңа технологиялық дағдыларды іске асыру, ұлттық ғылыми-техникалық персоналды дамыту, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жену, инновациялық қызметті ынталандыру арқылы қол жеткізіледі. Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес жұмыстардың жоспар-кестесіне сәйкес. Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

12

желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

295-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Отын-энергетика кешендегі нормативтік-техникалық базаны жетілдіру" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 99 799 мың теңге (тоқсан тоғыз миллион жеті жүз тоқсан тоғыз мың теңге)

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 8-бабы ; "Энергия үнемдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 3-6 , 9, 12-баптары ; "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 5-бабы ; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 18, 21, 22, 26-баптары ; "Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібі мен атом энергетикасын дамытудың 2002-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 тамыздағы N 926 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : 1) көмір өнімдерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру және көмір саласының халықаралық стандарттарға көшуіне ж а ғ д а й ж а с а у ;

2) Қазақстан Республикасында электр және жылу энергиясының сапасына тұрақты бақылау жүйесін құру, энергетикалық кәсіпорындардың қондырғыларын пайдалану кезінде энергиямен жабдықтау сенімділігі мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3) энергия үнемдеу жүйесі мен саясатын әзірлеу және өнімнің энергия сыйымдылығын кезең-кезеңімен төмендету және энергетикалық тиімділікті арттыру жолдары.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :

1) көмір саласының нормативтік құжаттарын халықаралық талаптармен үйлестіру;

2) электр энергетика саласында нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және қ а й т а қ а р а у ;

3) материалдық өндіріс саласында энергия тұтынуды азайтуға негізделген ғылыми және техникалық бағытталған мақсатты жобалардың кешенін әзірлеу. Экономиканың әрбір энергияны қажет ететін салаларынан мақсатты жобаларды жүзеге асырудың тетіктерін әзірлеу, бағдарламаны нормативтік-техникалық сүйемелдеу;

4) жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан жаңа кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көмір өндіру бойынша нормативтік жобалау құжаттамасымен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	006		Отын-энергетика кешендегі нормативтік-техникалық базаны жетілдіру			
2		101	Көмір саласында	<p>1. Мемлекеттік стандарттарды әзірлеу:</p> <p>1) ҚР СТ Қаражыра көмір кенорны. Техникалық шарттар.</p> <p>2) ҚР СТ Сарыадыр көмір кенорны. Техникалық шарттар.</p> <p>3) ҚР СТ Кендірлі көмір кенорны. Техникалық шарттар.</p> <p>4) ҚР СТ Көмір мен оның қайта өңделген өнімдерінің сәйкестігіне растау жүргізу тәртібі.</p> <p>5) ҚР СТ Көмірлер. Петрографиялық талдау. 4-бөлім. Микролитотиптік құрамды анықтау.</p> <p>6) ҚР СТ Көмірлер. Петрографиялық т а л - дау. 5-бөлім. Көріну көрсеткішін а н ы қ т а у .</p> <p>7) ҚР СТ Қатты минералдық отын. Терминдер мен анықтамалар. 1-бөлім. Б а й ы т у .</p> <p>8) ҚР СТ Қатты минералдық отын. Терминдер мен анықтамалар. 2-бөлім. Бақылау, сынау, талдау.</p> <p>9) ҚР СТ Қатты минералдық отын. Қабаттық сынамаларды іріктеу.</p>	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

10) ҚР СТ Тас көмір және кокс.
Сынамалар -
ды қолмен іріктеу.

11) ҚР СТ Тас көмір және кокс.
Сынамалар -
ды механикалық іріктеу. 1-бөлім.
Жалпы басшылық.

12) ҚР СТ Тас көмір және кокс.
Сынамалар -
ды механикалық іріктеу. 2-бөлім. Көмір. Сынамаларды қозғалатын ағындардан іріктеу.

13) ҚР СТ Тас көмір және кокс.
Сынамалар -
ды механикалық іріктеу. 3-бөлім. Көмір. Сынамаларды қозғалмайтын ағындардан іріктеу.

14) ҚР СТ Тас көмір және кокс. Сынамаларды механикалық іріктеу. 4-бөлім. Көмір. Сынамаларды сынау үшін дайындау.

15) ҚР СТ Тас көмір және кокс.
Сынамалар -
ды механикалық іріктеу. 5-бөлім. Кокс. Сынамаларды қозғалатын ағындардан іріктеу.

16) ҚР СТ Тас көмір және кокс.
Сынамалар -
ды механикалық іріктеу. 6-бөлім. Кокс.
Сынамаларды сынау үшін дайындау.

17) ҚР СТ Тас көмір және кокс.
Сынамалар -
ды механикалық іріктеу. 7-бөлім. Сынамаларды іріктеудің, дайындаудың және сынаудың ұқсастығын анықтау әдістері.

18) ҚР СТ Тас көмір және кокс.
Сынамалар -
ды механикалық іріктеу. 8-бөлім. Ауытқуларды анықтау әдістері.

2. Қолданылып жүрген стандартқа 1 өзгерісті әзірлеу:
ҚР СТ 1246-2004 Қатты

			<p>минералдық отын. Табиғи радионуклидтердің меншікті тиімді активтілігін анықтау.</p> <p>3. Көмір өнімдерінің каталогтары мен топтастырғыштарын әзірлеу:</p> <p>1) Қаражыра кен орнының; 2) Сарыадыр кен орнының; 3) Кендірлік кен орнының.</p> <p>4. <i>Алынып тасталды.</i></p>		
3	102	<p>Электроэнергетика және мұнай өңдеу саласында</p>	<p>1. Электр энергетикасы саласындағы нормативтік-техникалық құжаттамаларды талптауға сәйкес әзірлеу:</p> <p>1) Жылу электр станциялары қазандықтарының қызатын беттерінде техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар.</p> <p>2) Бумен асқын қыздырғыштар мен бу өткізгіштердің қалың қабатты элементтерін ультрадыбыстық бақылау бойынша әдістемелік нұсқаулар.</p> <p>3) Реле қорғанысы және электр автоматикасы қызметі туралы үлгі ереже.</p> <p>4) Жылу электр станцияларындағы отынның үлесті шығынын есептеу үшін қатты, сұйық және газ тәрізді отын сапасын бақылау бойынша әдістемелік нұсқаулар.</p> <p>5) Қысымы 4 МПа-ға дейінгі қазандық қағырандарының металын бақылау бойынша нұсқаулық.</p> <p>6) Жылу электр станцияларының жылыту және желдету жүйелерін пайдалану бойынша үлгі нұсқаулық.</p> <p>7) Шар қағыранды диірмендер мен өнді-</p>		

рістік бункерлі тозаң дайындағыштардың жеке-дара жүйелерін пайдалану бойынша үлгі нұсқаулық.

8) Электр станциялары және желілерін (жылу-механикалық бөлім) техникалық пайдалану ережелерін оқып үйренуге арналған оқу құралы.

9) Электр станциялары және желілерін (электр құрал-жабдықтарын) техникалық пайдалану ережелерін оқып үйренуге арналған оқу құралы.

10) Металға бақылау жасау және II, III, IV категориялы құбырлардың қызмет мерзімін ұзарту бойынша әдістемелік нұсқаулар.

